

СИНТАКСИСТІК СИНТАГМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**A STUDY OVER SYNTAX****Gulnafis ERKEGALIYEVA**Research Assistant, Abai Kazakh National Pedagogical University, gulnafis_yerkegaliyeva@mail.ru

АННОТАЦИЯ

Мақалада тіл бірлігі болып саналатын сөздің тіл иесі халықтың әлем, дүние туралы білімдерін жинақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші когнитивтік қызметі мен сөйлемнің сөйлеу бірлігі ретіндегі коммуникативтік қызметі анықталып, тілдің басты бірлігі – сөз емес, сөйлем екені анықталады. Синтаксистің негізгі зерттеу объектісі - сөйлем, мәтін екені нақтыланып, осы синтаксистік бірліктердің коммуникативтік қызмет атқаруына арқау болатын категория синтаксистік синтагма болып табылатыны туралы талданады. Синтагманың басты ерекшелігі сөйлем құрамындағы сөздер мен мәтін құрамындағы сөйлемдердің семантикалық мазмұнға ие болуы, соның нәтижесінде ақпарат адамдарға жететіндігі мысалдар арқылы сараланып, оған лингвистикалық тұрғыда талдау жасаудың жолдары анықталады. Синтагма – сөйлеу бірлігі, құрылымдық, мағыналық, интонациялық жағынан байланысқан сөздер тобы, сөйленімнің(речь) құрылуы мен тыңдаушыға жетуіне қызмет атқаратын сөйлеудің құрылымдық-мағыналық фрагменті ретінде қарастырылады. Адресанттың сөйлеу мақсатына байланысты ақпарат мазмұнын айқындайтын синтагматикалық қатынастың түрлері де анықталады. Тіл бірлігі ретіндегі жеке тұрған кез келген сөз синтагма құрамына енген кезде сөйлеу бірлігіне айналады, жағдаятқа байланысты мағынасы нақтыланады. Бұл құбылыс мақалада синтагманың ең басты белгісі ретінде қарастырылады. Синтагма компоненттері бір-бірімен мағыналық та, синтаксистік те, интонациялық та байланыста болатындығы дәлелденіп, синтагманың семантикалық, синтаксистік, интонациялық сияқты үш жағы бар деп қарастырылады. Сөйлемнің интонациялық ерекшелігіне қарай интонациялық синтагма түрлері сараланып, олар таныммен, коммуникациямен, ақпарат мазмұнымен тікелей байланысты лингвистикалық категория ретінде танылады.

Кілт сөздер: синтагма, сөйлеу бірлігі, сөйленім, лингвистикалық категория, коммуникативтік қызмет

ABSTRACT

The article defines the communicative function of speech as a linguistic unity, a comprehension of the world's world, knowledge of the world, the cognitive function of the generations to come, as well as the phrase of speech, and the main unit of the language is not a word, but a sentence. The main object of the syntax is to analyze whether the clause, the text, and the syntactic synthesis of the category, based on the communicative function of these syntactic units. The fundamental distinction of the syntagma is that the words and sentences contained in the sentence have semantic content, and the results are analyzed by way of examples and the way to analyze it linguistically. Syntagma is a unit of speech, structured, semantic, intonationally related speech, is considered as a structural and semantic fragment of speech that can be used to build the speech and reach the listener. The types of syntagmatic relationships that define the content of the information, depending on the purpose of the adressant, are also defined. Any word that is individually set up as a language unit becomes a speech unit when it is included in the synthesis, and its meaning is determined by the situation. This phenomenon is regarded as the main feature of the syntagma in the article. Syntagma components are synonymous with both syntactic and intonational relationships, and syntagmas are considered as three semantic, syntactic, intonational. Due to the intonational peculiarity of the sentence, differentiating the types of intonation syntheses is recognized as a linguistic category, directly related to cognition, communication, and the content of information.

Keywords: syntagma, speech unit, speech, linguistic category, communicative service

Сөз – кез келген тіл иесі халықтың әлем, дүние туралы білімдерін жинақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші бірлік, яғни сөз ең алдымен, когнитивті қызмет атқарады. Тілдің басты қызметі – коммуникативтік қызмет десек, сөз жеке қолданылып, коммуникативтік қызмет атқара алмайды, қарым-қатынас құралы бола алмайды. Тілді қатынас құралы ретінде

жұмсаған кезде, хабарлау, баяндау, сұрау, пікір білдіру т.б. коммуникативтік актілер сөйлем арқылы жүзеге асады. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қарастыратын болсақ, тілдің басты бірлігі – сөз емес, сөйлем болады. Сөйлем, мәтін - синтаксистің негізгі зерттеу объектісі екені белгілі. Осы синтаксистік бірліктердің коммуникативтік қызмет атқаруына арқау болатын категория синтаксистік синтагма болып табылады. Оның басты ерекшелігі - сөйлем құрамындағы сөздер мен мәтін құрамындағы сөйлемдердің семантикалық мазмұнға ие болуы, соның нәтижесінде ақпарат адамдарға жетеді.

Синтагма – сөйлеу бірлігі, құрылымдық, мағыналық, интонациялық жағынан байланысқан сөздер тобы, сөйленімнің(речь) құрылуы мен тыңдаушыға жетуіне қызмет атқаратын сөйлеудің құрылымдық-мағыналық фрагменті, сөйлеу тіліндегі ең шағын үзінді. Қай тілде де синтагма сөйлеу тіліндегі сөздердің мазмұнын, олардың бір-бірімен логикалық байланысын, сөйлеушінің ақпаратқа, айтылып тұрған хабарға қатынасын, оларды пайымдап, тұжырымдауы арқылы сипатталады. Әр синтагма кідіріс арқылы бөлініп, бәрі бірігіп сөйлемнің интонациялық контурын сызады. Ал егер сөйлемдегі сөз тіркестерінің синтаксистік мазмұны толық жеткілікті болмаған жағдайда, олар синтагма бола алмайды. Мысалы, *Біз бүгін театрға барамыз*. Бұл сөйлемде кідіріс жасауға келмейді. Ал егер *Біз үшеуіміз // бүгін кешкі жетіде // театрға барамыз* десек, сөйлемдегі синтаксистік мазмұн ұлғайып, бірнеше жеке синтагмаға жіктеледі. Тіл бірлігі ретіндегі жеке тұрған кез келген сөз синтагма құрамына енген кезде сөйлеу бірлігіне айналады, жағдаятқа байланысты сөз мағынасы нақтыланады. Бұл құбылысты синтагманың ең басты белгісі деуге болады. Сөйлем синтагмаларға дұрыс мүшеленбеген жағдайда сөйлемде айтылған ойды түсіну қиындыққа түседі. Мысалы, *Сәрсен ақсақалды жоқшы ғып қалаға, ұлыққа аттандырды*(М.Ә) деген сөйлемдегі ойды айқын түсіну үшін сөйлемді синтагмаларға дұрыс бөлудің мәні ерекше. Егер *Сәрсен // ақсақалды жоқшы ғып // қалаға, // ұлыққа аттандырды* деп синтагмаларға бөлсек, онда белгісіз бір ақсақалды қалаға аттандырған Сәрсен екенін түсінеміз. Ал *Сәрсен ақсақалды // жоқшы ғып // қалаға, // ұлыққа аттандырды* дейтін болсақ, Сәрсен ақсақалды қалаға аттандырған басқа адам екені белгілі болады.

Академик Л.В.Щерба синтагма мәселесін ұзақ жылдар зерттей келе, синтагма – сөйлеу әрекетін жасаушы негізгі бірлік деп тұжырымдаған[1,488]. Ол сөйлеу процесіндегі мағыналық тұтастық пен сөзге түсетін синтагмалық екпіннің күшеюінен фонетикалық шек қалыптасатынын, ол негізгі синтаксистік бірлік – синтагма ұғымына сәйкес келетінін және сөз-синтагма, сөз тіркесі-синтагма, сөз тіркестері тобынан жасалған синтагма болатынын айтады. Ол синтагманы синтаксистік ұғым ретінде қарастырып, оның интонациялық-әуезділік факторына назар аудару керектігін ұсынған болатын. Синтагманы сөйлеу-ойлау процесіндегі біртұтас ритмикалық топты құрайтын сөздерден тұратын бірлік деп тұжырымдайды. Алайда синтагманы тек сөйлеу барысында кідіріс жасау арқылы бөлшектенетін физиологиялық құбылыс деп қарастыру жөн болмас еді, себебі синтагма компоненттері интонациялық-ритмикалық топ қана емес, мағыналық та, синтаксистік те байланыста болады, сол себепті де синтагманың үш жағы бар деп есептеледі: 1.семантикалық; 2.синтаксистік; 3.интонациялық.

«Синтагма қай тілдің болса да сөйлемдерінің синтаксистік құрылысы мен оның мағынасын терең зерттеп түсінуге көмектеседі. Ең шағын синтаксистік мағыналық сөз, сөз тіркесі және сөйлем синтагма түрінде интонациялық формаға ие болады. Синтагмалар үлкенді-кішілі паузалармен бөлінетін тілдің интонациялық мазмұндық үзінділері ретінде жай сөйлемде, жайылма сөйлемде, құрмалас сөйлемде, сондай-ақ бір тақырыпты күрделі синтаксистік тұтастықтарға сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді қамтып, оларды бір интонациялық жүйеге бағындырып ұстап тұратын тәсіл» [2,107]. Олай болса, интонациялық синтагма – сөйлемнің мағынасын ашуға қызмет ететін негізгі элементтердің бірі. Сөйлеу әрекеті барысында интонациялық синтагма сөйлемді шағын семантикалық бөліктерге мүшелеп, сөздің

сөйлемдегі басқа сөздермен тіркесіп, синтагмалық қатынас жасаудағы мағынасын нақтылайды. Өйткені сөйлем құрамындағы әрбір сөздің мағынасы жеке дара емес, синтагмалар шегінде анықталады. Интонациялық синтагма - сөйлемдегі ең кіші құрылымдық-мағыналық бөлшек. Сөйлемдегі синтагмалық үзіктерді таба білу сөйлемді, мәтінді толық түсінуге мүмкіндік береді. Ал жазбаша сөйлемдерде синтагмалық бөлшектер көрінбейтіндіктен, сөйлемді оқу барысында оқырман адам жазушы адамның айтайын деген негізгі ойын, дітін түсіну үшін синтагмалық бөлшектерді өзі табуына тура келеді, бұл орайда оқырман жекелеген сөйлем емес, толық мәтінмен танысқан жағдайда ғана автордың дітін түсіне алады. Өйткені кейбір сөздің, синтагманың, сөйлемнің мәні тек контексте ғана анықталуы мүмкін. Осы орайда Г.А.Золотованың «сөйлем тек қана сөйлеуде қосымша функцияларға ие болып, бүтіннің бөлшегі ретінде қарастырылуы керек» деген пікірі құнды [3,88].

Синтагма бір ғана сөзден немесе бірнеше сөзден жасала береді. Бірақ сөздің жеке тұрғандағы мағынасы мен сөйленімдегі, яғни синтагма құрамындағы мағынасының айырмашылықтарын білу қажет. Сөз тілде бұрыннан бар ұғымды білдірсе, синтагма сөйлеу кезінде пайда болған ұғымды білдіреді, контексте мағынасы айқындалады. Синтагма сөйлемнің негізгі компоненті десек, сөйлем тілге емес, сөйлеуге тән. Синтагманың прагматикалық қызметі де маңызды. Жазба тілде, ойды жазбаша жеткізуде, мәтінді түсініп оқу үшін синтаксистік синтагманың атқаратын рөлі зор. Мәтін қандай құрылымдық-мағыналық компоненттен тұрса, мәтінді оқыған кезде сол компоненттерді дұрыс ажырата білген жағдайда, автордың айтайын деген ойы түсінікті болмақ. Мәселен, сөйлемдегі сөз тізбектерінің біріне акцент түсіру қажет болса, сөйлеуші сол жердегі интенсивтілікті күшейтеді. Интенсивтіліктің күшейтілгені көбіне дауыстың қатты шыққанындай боп естіледі, сондықтан да тыңдаушы сол акцент түскен сөзге назар аударады. Мысалы: Ол – студент деген сөйлемді алсақ, сөйлемнің бастаушы (Ол) мен баяндаушы (студент) пауза арқылы екіге бөлініп, хабарлы сөйлемге тән сөйлем соңына қарай төмендейтін интонациямен айтылып тұр, сондықтан екі сөзден тұратын жалаң сөйлемнің әр мүшесі бір синтагмаға теңеліп тұр. Ал егер Ол студент // сабаққа келмей жүр деген сөйлемнің айтылу интонациясындағы ерекшелікті қарастыратын болсақ, бұл сөйлем де екі синтагмадан тұрады. Бірінші синтагмалық үзік ол студентке акцент беріліп, сабаққа келмеген адамды нақтылау мәнін үстеп, сондай-ақ жалпы коммуникативтік мағынасында кінәлаушылық мән бар екенін көрсетеді. Сонымен, сөйлемдегі синтагмалық үзік сөйлемнің жалпы мазмұнын ашуға, эмоциялық реңкін түрлендіруге қызмет атқарады.

«Синтагма – мазмұндық-синтаксистік, интонациялық өлшем болғандықтан, әр уақытта сөз тіркесінен, сөйлем бөлшектерінен тұрады және бір-бірінен интонациялық жеке болып табылатын паузамен бөлінеді» [4,135]. Алайда сөйлем құрамындағы сөз тіркестері мен мен синтагманы бір ұғым ретінде қарастыруға болмайды. Сөйлемдегі бөліну шегіне қарағанда синтагма сөз тіркестерімен сәйкес келуі де мүмкін, ал кей жағдайда бір синтагма бірнеше сөз тіркестерінен болуы мүмкін. Сондай-ақ сөз тіркесі сөйлем ішінде қатар тұрып та, алшақ тұрып та байланысқа түссе, синтагмалар тек қатар тұрып, бір синтагмалық екпінге ие болып, синтагма құрайды. Мысалы, Хас сұлуды // қаралысында сынама, Хас батырды // жаралысында сынама. Сөйлемдердегі хас сұлу, хас батыр қатар тұрып қабыса, сұлуды сынама, батырды сынама сөз тіркестері алшақ тұрып меңгеріле байланысқан. Ал синтагма компоненттері тек іргелес тұрып, бір синтагмалық үзік бола алады. Мысалы, Шеберді шебер // қолынан таниды, Батырды батыр // жонынан таниды.

Жалпы синтагмалық категориялар тілдік бірліктердің сөйлеу әрекетіндегі функционалдық қызметін анықтайды. Тілдің функционалдық қызметі тікелей коммуникативтілікпен байланысты. Синтагмалық категориялар тілдің функционалдық мүмкіндігін айқындаудың бір амалы болып табылады. Сөйлеу бірлігі болып саналатын әрбір сөйлем коммуникатикалық мақсатқа негізделген синтагмалық үзіктерден тұрады. Сөйлем мағынасы

мен айтылар ой синтагма арқылы айқындалады. Синтагма теориясы сөйлеу прагматикасымен тығыз байланысты. Сонымен,

- ✓ синтагма – сөйлеу ағымы кезіндегі психолингвистикалық бірлік;
- ✓ сөйлеу кезінде синтагма сөздердің мағыналық және стилистикалық реңктерін анықтауға мүмкіндік береді;
- ✓ синтагма да сөз секілді аяқталған ұғымды белгілейді. Бірақ сөз бұрыннан бар белгілі ұғымды атаса, синтагма сөйлеу кезінде ғана пайда болады, яғни тілде орныққан синтагма кездеспейді, синтагма - сөйлеудің не сөйленістің туындысы;
- ✓ синтагма индивидуалды сөйлеу әрекетінің нәтижесі, яғни сөйлеу кезіндегі жағдаятқа байланысты сөйлем синтагмаға бөлініп, сөйлеушінің мақсатына қарай мазмұн иеленеді;
- ✓ синтагманың бөлінісі тыңдаушының қабылдауына, оның түсінуіне, кейде сезімі мен білім деңгейіне тәуелді. Сондықтан оқылым әрекетін орындау кезінде оқырманның сөздер тобын жіктеліске түсіруі мен автордың синтагмалық жіктеліс арасында тепе-теңдік бола бермейді.
- ✓ дем алыс тобы мен синтагма – әртүрлі құбылыстар, синтагманың дем алыс тобымен сәйкес келетін кезі де, сәйкестенбейтін жағдайы да бар[5,83].

Қарым-қатынастың басты құралы болып саналатын тілді оқытуда тілдің заңдылықтары мен қағидаларын оқытып қоймай, тіл бірліктерінің коммуникативтік қызметін танытып, сөйленім кезінде ғана көрініс беретін осындай ерекшеліктерін де меңгерту білім алушының дұрыс сөйлей білу дағдысын қалыптастырып, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына септігін тигізері анық.

1 Виноградов В.В. Синтаксические взгляды и наблюдения академика В.В.Щербы/Избранные труды. Исследование по русской грамматике. М., Наука. 1975.- 516

2 Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. - 784

3 Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка М.,Наука.1973.-350

4 Қазақ грамматикасы. – Астана. 2002. – 784

5 Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. Алматы.-2009.-160